

Құрманғазы және Махамбет аудандарының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 100 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 сәуірдегі N 390-III шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 11 мамырда N 2489 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 4-тармақшасына сәйкес, облыстық ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 31 наурыздағы қорытындысы, Құрманғазы ауданы әкімиятының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N 384 қаулысы, аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 14 ақпандағы N 319-XXXVI "Калинин селолық округінің атауын өзгерту туралы" шешімі, Махамбет ауданы әкімиятының 2007 жылғы 24 қаңтардағы N 10-а қаулысы мен аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 7 ақпандағы N 328 шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Құрманғазы ауданы бойынша:
Калинин ауылдық округі - Орлы ауылдық округі болып;
Махамбет ауданы бойынша:
Чкалов ауылдық округі - Бейбарыс ауылдық округі болып;
Бақсай ауылдық округінің Коровник қыстағы - Бурабай қыстағы;
Бақсай ауылдық округінің Комплекс қыстағы - Жангелді қыстағы болып қайта аталсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың
XXIV сессиясының төрайымы -
мәслихат хатшысы*

Облыс әкімі